

**Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің, Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 3 тамыздағы N 809 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің, Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

*міндетін атқарушы*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
Ү к і м е т і н і ң  
2 0 0 5                      ж ы л ғ ы                      3                      т а м ы з д а ғ ы  
N                      8 0 9                      қ а у л ы с ы н а

қосымша

**Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің, Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі**

1. "Еңбек жағдайларының мемлекеттік сараптамасы туралы" КСР Министрлер Советінің 1990 жылғы 13 тамыздағы N 812 қаулысын іске асыру туралы" Қазақ КСР Министрлер Советінің 1990 жылғы 3 желтоқсандағы N 475 қаулысы (Қазақ КСР ҚЖ-ы, 1991 ж., N 4, 24-құжат)

2. "Қазақ КСР, Алматы облысы және қаласы еңбек жағдайларының мемлекеттік сараптамасы туралы және Қазақ КСР, Алматы облысы және қаласы еңбек жағдайларының мемлекеттік сараптама органдары тартатын ғылыми қызметкерлер мен мамандарға еңбекақы төлеу тәртібін белгілеу туралы ережеге өзгерістер енгізу туралы" Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 5 шілдедегі N 409 қаулысы (Қазақ КСР ҚЖ, 1991 ж., N 17, 110-құжат).

3. "Денсаулық сақтау мекемелері медициналық қызметкерлерінің кейбір категорияларына пенсия белгілеу үшін еңбек стажына орындалу уақыты бір жарым мөлшерде зейнетақы тағайындау үшін есептелетін жұмыстар тізбесін бекіту туралы" Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 26 қыркүйектегі N 549 қаулысы.

4. "Шопандардың, шопандар көмекшілерінің, жылқышылардың, түйешілердің, малшылардың (бақташылардың) жеңілдік шартпен тағайындалатын пенсия алуына право беретін Қазақ КСР шөл дала және Қазақ КСР сусыз жартылай шөл дала аудандарының биік таулы жайылымдар орналасқан Қазақ КСР территорияларының, Қазақ КСР-інің шөлді аймақтарының және Қазақ КСР-інің шөлейт сусыз аймақтарының тізбесін бекіту туралы" Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 26 қыркүйектегі N 552 қаулысы (Қазақ КСР ҚЖ-ы, 1991 ж., N 22, 159-құжат).

5. "Еңбек сіңірген жылдары үшін пенсиясын алуға правосы бар театр және басқа да театр ойын-сауық кәсіпорындары мен коллективтері артистерінің кейбір категорияларының тізбесін бекіту туралы" Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 26 қыркүйектегі N 553 қаулысы (Қазақ КСР ҚЖ-ы, 1991 ж., N 22, 160-құжат).

6. "Пенсия тағайындау үшін толық маусым істеген жұмысы бір жылғы жұмыс стажына есептелетін маусымдық жұмыстар мен маусымдық өнеркәсіп салаларының тізімін бекіту жөнінде" Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 26 қыркүйектегі N 554 қаулысы (Қазақ КСР ҚЖ-ы, 1991 ж., N 22, 161-құжат).

7. "Қазақ КСР-інде азаматтарды пенсиямен қамсыздандыру туралы" Қазақ КСР Заңы бойынша пенсиялық жеңілдіктер көзделген жұмыс және тұру аймақтарының уақытша тізбесі туралы" Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 15 қарашадағы N 708 қаулысы.

8. "Зейнетақы тағайындау үшін еңбек стажын растаудың тәртібі туралы" Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 25 қарашадағы N 721 қаулысы.

9. "Қысқартылған КСРО Көмір өнеркәсібі министрлігінің басшы қызметкерлер мен мамандардың біліктілігін арттыру институтының Қарағанды филиалын қайта құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 11 ақпандағы N 106 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1992 ж., N 5, 91-құжат).

10. "Қарағандыкөмір" өндірістік бірлестігінің жұмысшыларына осы жұмыстарда кемінде 20 жыл істегенде жасына қарамастан зейнетақы алуға құқық беретін жұмыстар мен мамандықтардың тізімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 20 мамырдағы N 450 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1992 ж., N 20, 326-құжат).

11. "Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 26 қыркүйектегі N 552 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 30 шілдедегі N 636 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1992 ж., N 30, 453-құжат).

12. "Зейнетақының есебі мен зейнетақының мөлшері үшін орташа айлық табыстың сомасын анықтауды ретке келтіру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 27 қарашадағы N 1001 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1992 ж., N 47, 692-құжат).

13. "Жасына қарай жеңілдік шарттарымен тағайындалатын зейнетақылар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 11 қаңтардағы N 26 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1993 ж., N 1, 19-құжат).

14. "Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік жағынан қорғау министрлігінің жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 30 маусымдағы N 565 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1993 ж., N 26, 320-құжат).

15. "Зейнеткерлердің материалдық тұрмыс жағдайын одан әрі қолдау жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 17 қыркүйектегі N 902 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1993 ж., N 39, 448-құжат).

16. "1995 жылдың 1 қазанынан бастап зейнетақыларды өсіру және қайта есептеу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 21 қыркүйектегі N 1277 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж., N 31, 384-құжат).

17. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 11 ақпандағы N 106 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 19 наурыздағы N 332 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 12, 95-құжат).

18. "Еңбек сіңірген жылдары үшін және жеңілдікті жағдайда зейнетақы тағайындауға құқық беретін мамандықтардың, лауазымдар мен жұмыс түрлерінің Тізбелері мен Тізімдерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 2 қыркүйектегі N 1316 қаулысы .